

**"САТУРН және К Групп"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

БСН 060940015358, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 85-көше, 7Б-ғимарат

2017 жылғы " _____ " желтоқсандағы № _____

"Экотон+" АҚ акционерлеріне

Е.Ж. Кошкинбаев
"ОТАУ-К" ЖШС
"Investment Company "Capital Management"
ЖШС

**"Экотон+" акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы
хабарлама**

"Экотон+" акционерлік қоғамының атқарушы органы: "Экотон+" акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша - "Қоғам") Президенті.

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Нұр-Сұлтан қ., Тайбурыл к-сі, 42/5.

Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру бастамашысы: қоғамның ірі акционері - "Сатурн және К Групп" ЖШС.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру негізі: Астана қаласының Мамандандырылған экономикалық сотының 24.07.2019 жылғы шешімі, 18.11.2019 жылғы №7119-19-00-2/7578-1 атқару парағы, өндіріп алушының 04.12.2019 жылғы атқарушылық құжатты орындауын ұйымдастыру туралы Нұр-Сұлтан қ. атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы Б.Б. СУЛТАНОВТЫҢ Қаулысы.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы "06" қаңтар күні Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен сағат 15: 00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Нұр-Сұлтан қ., Тұран даңғылы, 46/1, "THE SQUARE" БО, 5-қабат.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен 14 сағат 00 минутта басталады.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің аяқталуы - Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен 14 сағат 50 минутта.

"Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР Заңының 41-бабы 3-тармағы 3) тармақшасы, егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы белгіленген күні өткізілмеген жағдайда, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын қайта өткізу 2020 жылдың "07" қаңтарында Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен 11 сағат 00 минутта келесі мекенжайда өтеді: Нұр-Сұлтан қ., Тұран даңғылы, 46/1, "THE SQUARE" БО, 5-қабат.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ тіркеушісі 2019 жылғы "06" желтоқсан күні Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен 00 сағат 00 минутта құрастырады.

Қоғамның орналастырылған акцияларының барлық саны 112 500 (жүз он екі мың бес жүз) акцияны құрайды: оның ішінде жай акциялар -112 500 (жүз он екі мың бес жүз) акция; артықшылықты акциялар - 0 (нөл).

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібінің

материалдарымен танысу тәртібі:

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлерге танысу үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей мына мекенжай бойынша беріледі: Нұр-Сұлтан қ., Тұран даңғылы, 46/1, "THE SQUARE" БО, 5-қабат. Қоғам акционері сұрау салған жағдайда материалдар сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы хабарламаға №1 қосымшада баяндалған.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы "Акционерлік қоғамдар туралы" ҚР заңының нормаларына сәйкес, атап айтқанда, аталған заңның 14, 23, 35-52, 54-56-баптарына сәйкес өткізіледі.

Күн тәртібі:

1. "Экотон+" АҚ Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамының өкілеттігін тоқтату туралы.
2. "Экотон+" АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы.
3. "Экотон+" АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін анықтау туралы.
4. "Экотон+" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.
5. "Экотон+" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы.
6. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу туралы.

Бас директор**А. Кулбулдин**

+7 (7172) 69 64 53